«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ	**НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая»**
№14 ХАТТАМА	**ПРОТОКОЛ №14**
Алматы қаласы	**«27» қаңтар 2025 жыл**

«Академиялық кеңес» құрамы **мәжілісінің төрағасы:** Нарбекова Б.М., Академиялық қызмет жөніндегі проректор.

Қатысқандар:

1. Байдильдина А.М. – Білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры;
2. Жанбеков Х.Н. – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;
3. Балахметова Г.К.- Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары;
4. Әуелгазина Т.Қ. – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары;
5. Умирбекова Т.А.- Білім беру бағдарламаларын жобалау департаменті директорының орынбасары;
6. Абаева Ғ.А.- Педагогика және психология факультетінің деканы;
7. Хамраев Ш.И. - Математика, физика және информатика факультетінің деканы;
8. Кенжебаев Ғ.К. – Тарих және құқық факультетінің деканы;
9. Байғұтов К.А. – Өнер факультетінің деканы;
10. Таңжарықова А.В. - Филология факультетінің деканы;
11. Каймулдинова К.Д. – Жаратылыстану және география факультетінің деканы;
12. Оспанкулов Е.Е. – Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы;
13. Сабитова А.А. - Сорбонна-Қазақстан институтының директоры;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024/2025 оқу жылының Education Management School орталығының біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын бекіту туралы (*баяндамашылар* – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры

Жанбеков Х.Н., факультет декандары Абаева Г.А., Таңжарықова А.В., Хамраев Ш.И., Оспанкулов Е.Е.)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры *Жанбеков Х.Н.:*** Құрметті әріптестер, негізінен педагог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орны болғандықтан, жалпы орта білім беру ұйымдары мұғалімдерінің біліктілігін арттыру мәселесі басты назарда болуы тиіс. 2024 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінен сараптамадан 20 бағдарлама өтіп, реестрге енді. Бұл жұмысты биылғы жылы да жалғастыруымыз қажет.

Педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың құжаттарын қарау бойынша жұмыс тобы отырысының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 17 хаттамасына сәйкес «Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ-ның құжаттары ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығының 6-тармағына сәйкес екендігі туралы шешім қабылданды («ҚР Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитеті» РММ *2024 жылғы 5 наурыздағы № 15-15-09-02-18/109 хаттың негізінде).*

Академиялық кеңестің отырысына қарауға ұсынылып отырған бағдарламалар Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес әзірленді. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» бағыттарының талаптарына сәйкес әзірлеу басшылыққа алынды.

Сонымен қатар бағдарламалар Қазақстан Республикасының Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудегі AI технологияларды қолдана отырып, функционалдық сауаттылығын дамытуға, оқу-зерттеушілік және жобалау жұмыстарын ұйымдастыруға икемді дағдыларды (Soft Skills) игерген кәсіби құзыреттілікке ие пән мұғалімдерінің, білім беру мекемелерінің басшыларының біліктілігін арттыруға бағытталған.

Авторлар факультеттердің ерекшеліктері мен өңірлердегі білім беру ұйымдарының сұраныстарын, Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді талдау негізінде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын негізге ала отырып, қазақ және орыс тілдеріндегі төмендегідей 80 сағаттық офлайн (онлайн, аралас) оқу форматтарындағы біліктілікті арттыру курстарының бағдарламаларын әзірледі.

«Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ-ның біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары
(2024-2025 оқу жылы)

№	Біліктілікті арттыру курстарының авторлары	Біліктілікті арттыру курстарының тақырыптары	
1.	Жұмабаева Ж.А.	Бастауыш сынып оқушыларының интеллектісін нейродидактикалық тәсілдер арқылы дамыту (80 сағат)	Развитие интеллекта младших школьников с помощью нейродидактических подходов (80 часов)
2.	Кемелбекова З.А., Сейдалиева Г.О.	Жасанды интеллектіні ағылшын тілін оқытуға интеграциялау: орта мектеп мұғалімдеріне арналған заманауи тәсілдер (80 сағат)	Интеграция искусственного интеллекта в преподавании английского языка: современные подходы для учителей средних школ (80 часов)
3.	Сейдалиева Г.О., Тулегенова М.Б.	Орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін «CLIL оқытушыларының тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру (A1-B1 деңгейі)» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы 2 кезең (80 сағат)	Образовательная программа курсов повышения квалификации на тему «Совершенствование базовых навыков межличностного общения преподавателей CLIL по английскому языку (уровень A1-B1)» этап 2 (80 часов)
4.	Абишева С.Д.		Совершенствование метапредметных компетенций учителей русского языка и литературы (80 часов)
5.	Оракова А.Ш., Наметкулова Ф.Ж.	Физика пәні мұғалімдерінің метапәндік құзыреттерін жетілдіру (80 сағат)	Совершенствование метапредметных компетенций учителей физики (80 часов)
6.	Абишев А.Р., Төлегенұлы Н.	Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған «Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру пәні мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» білім беру бағдарламасы (80 сағат)	Образовательная программа для учителей общеобразовательных школ и колледжей на тему «Развитие компетенций учителя физкультуры в рамках обновленного содержания образования» (80 часов)

Бағдарламаларды авторлар негізінен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің реестріне тіркеу үшін дайындалатын бағдарлама тақырыптарын таңдау және құрылымдауда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізімін қайталамас үшін және Білім беру саласындағы нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығының 2-тарауы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібіне» сәйкес әзірледі.

Педагогика және психология факультетінің деканы *Абаева Г.А.:* бүгінгі «Академиялық кеңес» құрамының кеңейтілген мәжілісіне Педагогика және психология институтынан Ж.А.Жұмабаеваның «Бастауыш сынып оқушыларының интеллектісін нейродидактикалық тәсілдер арқылы дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру бағдарламасы ұсынылып отыр. Аталған біліктілікті арттыру бағдарламасы нормативтік-құқықтық және ресми құжаттарға сай әзірленген. Бастауыш сынып оқушыларының интеллектісін нейродидактикалық контент арқылы дамыту жағдайында тәрбие жұмысының құрылымы, негізгі тәсілдері мен бағыттары, бастауыш сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктері, балалардың миының құрылымы мен қызметі, жас ерекшеліктерінің оқуға әсері, сабақты жоспарлау кезінде психофизиологиялық ерекшеліктерді ескеру керектігі қарастырылған.

Бағдарлама нейропедагогика саласындағы соңғы ғылыми жетістіктерді ескере отырып, бастауыш мектеп жасындағы балалардың миының ерекшеліктерін жақсы түсінуге және осы білімді олардың интеллектуалдық қабілеттерін тиімді дамыту үшін пайдалануға мүмкіндік беретін тақырыптарды қамтиды.

«Бастауыш сынып оқушыларының интеллектісін нейродидактикалық тәсілдер арқылы дамыту» бағдарламасы ұлттық басымдықтармен және жаһандық трендтермен тығыз байланысты. Қазіргі кезеңде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында елімізде білім беру үдерісіне цифрландыру белсенді түрде енгізілуде. Бұл стратегияға «Нейродидактикалық тәсілдерді қолдана отырып, бастауыш мектеп оқушыларының интеллектін дамыту» бағдарламасын біріктіруге болады, өйткені нейродидактикалық әдістерді пайдалану көбінесе жаңа технологиялармен және цифрлық құралдармен (мысалы, мамандандырылған қолданбалар, нейрокогнитивті тренажерлар) байланысты. Бағдарлама білім беруді цифрландырудың заманауи талаптарына жауап беретін оқу материалдарын бейімдеу және мультимедиялық білім беру платформаларын құру үшін технологияларды пайдалана алады.

Бағдарлама үйлесімді дамыған тұлғаны дамытуға, балалардың интеллектуалдық және эмоционалдық қабілеттерін жақсартуға ықпал етеді,

бұл білім деңгейі жоғары және психологиялық денсаулығы бар жаңа ұрпақты құрудың кең мақсаттарының бөлігі болып табылады.

Филология факультетінің деканы *Таңжарықова А.В.:* Қазіргі таңда орта мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру курстарын ұйымдастыру өзекті. Курс бағдарламасын дайындау үшін барлық талаптар мен нормативті құжаттар пысықталып, бағдарлама дайындауға тапсырма берілген. Филология факультеті бірнеше бағдарламаны сараптамаға ұсынып отыр.

1. З.А.Кемелбекова мен Г.О.Сейдалиеваның «Жасанды интеллектіні ағылшын тілін оқытуға интеграциялау: орта мектеп мұғалімдеріне арналған заманауи тәсілдер» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасын ұсынады. Бұл бағдарлама білім беруді цифрландыру жағдайында жасанды интеллектіні оқу процесіне енгізудің тиімді әдістерін меңгеру қажеттілігі ерекше өзекті екендігін көрсетеді. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері нақты тұжырымдалғандығын және ЖИ-ні білім беру үдерісіне енгізудің негізгі аспектілерін қамтитынын және ЖИ негіздерімен танысуға, ағылшын тілін оқытудың практикалық құралдарын меңгеруге және заманауи білім беру мазмұнын қалыптастыру жолындағы маңызды қадам болып табылатын әдістемелік тәсілдерді дамытуға мүмкіндік беретіндігін атап айтуға болады.

Алты модульден тұратын бағдарламаның құрылымы өзара байланысты және дәйекті болып көрінеді. ЖИ негіздерін түсіну, құралдармен жұмыс істеу дағдылары және заманауи технологияларды пайдалана отырып оқу материалдарын әзірлеуге дайын болу мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің тұтас көрінісін қалыптастырады. Бұл бағдарлама оқу үдерісін жаңғыртуға және өз тәжірибесінде соңғы технологияларды тиімді пайдалана алатын мамандарды даярлауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бағдарлама модулдері Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия мен Д.Снегин атындағы №30 мектеп гимназия мұғалімдерімен апробациядан өтті.

2. Шетел тілдері кафедрасының профессоры Т.Т.Аяпова және қауым. профессор м.а. З.А.Кемелбекованың «CLIL Excellence: оқытушылардың кәсіби дамуының кешенді тәсілі» тақырыбындағы 80 сағаттық білім беру бағдарламасы 3 кезеңнен тұрады. Бағдарлама модульдері CLIL әдісінің теориялық аспектілерінен бастап, осы әдісті сабақта қолданудың практикалық дағдыларына дейінгі тақырыптардың кең спектрін қамтиды. Сондай-ақ, бағдарлама CLIL мұғалімдерінің тілдік деңгейін жетілдіруге арналған.

Үш кезеңнен тұратын «CLIL Excellence: оқытушылардың кәсіби дамуының кешенді тәсілі» атты кешенді біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы қазіргі білім беру жүйесі үшін өте маңызды және өзекті болып табылады. Бағдарлама CLIL педагогтарын әдістемелік және тілдік тұрғыдан даярлауға бағытталады. Теориялық және тілдік дайындықты қамтитын интегративтік бағдарлама орта білім беру ұйымдары педагогтерін әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеп біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның екінші кезеңі «CLIL оқытушыларының тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру (A1-B1 деңгейі)» және үшінші кезеңі

«CLIL оқытушыларының ағылшын тілі бойынша тілдік құзыреттерін жетілдіру (B2 - C1 деңгейі)» орта білім беру ұйымдарының педагогтері үшін CLIL (Content and Language Integrated Learning) тәсілі негізінде ағылшын тілінде оқу пәндерін жүргізетін оқытушылардың шеттілдік құзыреттерін және тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Бағдарлама 3 тілде білім беру жағдайында жұмыс жасайтын мұғалімдердің кәсіби және тілдік құзыреттерін дамытуға зор үлес қосады.

3. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор С.Д.Абишева орта мектептегі орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған «Совершенствование метапредметных компетенций учителей русского языка и литературы» тақырыбындағы 80 сағаттық білім беру бағдарламасы орта білім беру жүйесіндегі қазіргі заман талаптарға сәйкес әзірленген. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік жаңа ұлттық үлгісі қалыптасуда. Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың бүгінгі күндегі өзекті мәселесі - оқушылардың қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, оқушының сөйлеу қабілетін жетілдіру болып табылады. Ұсынылған бағдарламада білім берудегі метапән тәсілін іске асырудың негізгі технологияларын, әдістері мен тәсілдерін ұсынады.

«Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін жетілдіру» біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі аспектілерді қамтиды:

1.Бағдарлама келесідей «4К» құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған: сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық ойлау (креативті ойлау), қарым-қатынас (коммуникация), ынтымақтастық (коллаборация). Бұл аспект қазіргі қоғамның, білім беру процесін ізгілендірудің, қазіргі әлемнің жаһандануының сұраныстарына жауап береді.

2.Біліктілікті арттыру бағдарламасы Soft skills – өмірде де, кәсіби қызметте де (жеке қасиеттер, зияткерлік ерекшеліктер, көзқарастар, дағдылар және т.б.) кәсіби тұрғыдан іске асырумен және дамытумен байланысты қасиеттердің кең жиынтығын қалыптастырады.

3.Бағдарламаның мазмұны педагогтерді әртүрлі білім беру салаларынан алынған білімді, іскерлікті және дағдыларды пайдалана отырып, кәсіби міндеттерді шешу қабілетімен қамтамасыз ететін әмбебап оқу дағдыларының жиынтығын дамытуға бағытталған.

Ұсынылған бағдарламаның маңыздылығы педагогтерді педагогикалық қызметке дайындаудың барлық бағыттары қамтылғандығына, біржақты көзқарастың жоқтығына, мазмұнды векторлар сұранысқа ие және іс жүзінде жүзеге асырылатындығына байланысты.

Бағдарлама авторларының негізгі бағыты – мұғалімдерге білім беру жүйесінің бірінші кезектегі міндеттерін іске асыру, тар пәндік тәсілден тыс шығуға мүмкіндік беретін құзыреттерді қалыптастыру, оқушыларды қазіргі әлемнің тез өзгеретін жағдайларына дайындау шеңберінде өзін-өзі тәрбиелеуді жалғастыруға мүмкіндік беретін дағдылармен қаруландыру.

Математика, физика және информатика факультетінің деканы ***Хамраев Ш.:***

А.Ш.Оракова мен Ф.Д.Наметкулованың «Физика пәні мұғалімдерінің метапәндік құзыреттерін жетілдіру» тақырыптарындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы орта білім беру саласындағы талаптарға сәйкес әзірленген.

Еліміздің зияткерлік әлеуетінің заманауи даму процестері білім беру саласының алдына бірқатар жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Қазіргі мектептің маңызды міндеттерінің бірі – функционалдық сауатты оқушыларды тәрбиелеу және оқыту. Осы міндетті орындау және оқушылардың жан-жақты өзін-өзі жүзеге асыруына көмектесу үшін мұғалімнің кәсіби-әдістемелік білімі мен біліктілігі және дағдыларын дамыту керек.

Сонымен қатар, білім беруде оқушылардың пәндік білімдерін сапалы игерту және алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дайындау мақсатында математика және физика мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін дамыту, сабақта белсенді оқыту әдістерін, цифрлық білім беру ресурстарын, AI технологияларын қолдану, есептерді әртүрлі тәсілдермен шығару біліктерін жетілдіру маңызды.

Ұсынылып отырған курстар осы міндеттер мен мәселелерді шешуге бағытталған. Курстардың мақсаты мен мазмұны заманауи әдістемелер мен технологияларды іске асыруды, пәні мұғалімдерін оқу-тәрбие процесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, цифрлық технологияларды, жасанды интеллектті (AI) қолдану және пәндерді оқыту барысында сыни ойлауы мен шығармашылық шеберлігін дамытуды көздейді

Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы ***Оспанкулов Е.Е.:***

«Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасының өзектілігі бірнеше аспектілермен түсіндіріледі. Білім беру стандарттарының жаңартылуы дене шынықтыру пәнінің мазмұны мен әдістемесін жаңғырту қажеттілігіне алып келеді. Мұғалімдер жаңа стандарттарды меңгеру арқылы оқушылардың денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс істей алады. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты арттыру, жаңа әдістемелер мен технологияларды игеру оларды кәсіби дамуда белсенді рөл атқаруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім мазмұны инновациялық технологияларды, яғни интерактивті оқыту әдістерін, жобалық оқыту, модульдік жүйелерді енгізуді талап етеді. Бұл курстар мұғалімдерді заманауи әдістермен таныстыра отырып, оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді. Дене шынықтыру сабағына заманауи технологияларды (мысалы, гаджеттер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді) енгізу мұғалімдердің құзыреттілігін арттырады. Елде спорттық мәдениетті дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау – қоғамның

негізгі қажеттіліктерінің бірі. Дене шынықтыру мұғалімдерінің рөлі осындай бастамаларды жүзеге асыруда маңызды.

«Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы білім беру жүйесінің сұраныстарына сәйкес келетін, болашақ қоғамның азаматтарын тәрбиелеуге бағытталған.

Білім беру бағдарламаларын жобалау департаменті директорының орынбасары *Умирбекова Т.А.*:

«Академиялық кеңеске» ұсынылған бағдарламалар мазмұны жағынан жалпы орта білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру талаптарын қамтыған. Барлығы да біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес дайындалған. Ұсынылып отырған бағдарламалар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің реестріне тіркеуге ұсынылсын және Education management school орталығының 2024-2025 оқу жылының біліктілікті арттыру курстарының жоспарына енгізілсін.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Жоғарыда таныстырылған бағдарламаларды жүйелеп, «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкестендіріп, «ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті» РММ педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың құжаттарын қарау бойынша жұмыс тобы отырысына қарауға ұсынылсын.

2. Education management school орталығы мен Маркетинг бөлімі бағдарламаларды университеттің сайтына жүктеп, курстардың ұйымдастырылуына жауапкершілікті алсын және курстардың біліктілікті арттырудың келісілген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етсін.

Төраға: **Нарбекова Б.М.**

Хатшы: **Умирбекова Т.А.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының» 2-тарауының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне сараптама жүргізгендер:

Жанбеков Х.Н. – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;

Таңжарықова А.В. – Филология факультетінің деканы

Абаева Г.А. – Педагогика және психология факультетінің деканы

Хамраев Ш.И. – Математика, физика және информатика факультетінің деканы

Оспанкулов Е.Е. – Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің деканы